

**Арыстамбекова Динара Дандыбаевнаың «БД061000»  
мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін «Қазақстанның жазық өзендеріндегі көктемгі су тасу  
кезеңінің ағындысын есептеу» тақырыбында жазылған диссертациялық  
жұмысына арналған ғылыми жетекшінің**

**ШІКІРІ**

Диссертант, бұл жұмысты ең алдымен әдебиеттерге шолу ізденістерінен бастады. Мұндағы мақсат – зерттелетін тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерді жүйелі іздеп, тауып, олардың мазмұндарын қысқаша конспектілеп, қажет кезде пайланып, ғылыми ізденіс кезеңінде ұқыптылық пен қызығушылығын көрсетті.

Барлық ТМД елдері экономикалық тоқырауға ұшырауына қарамастан су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі өзектілігін жоғалтқан емес, сондықтан өзен ағындысын пайдалану мен есептеу әдістерін үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігі туындайды. Әсіресе көктемгі өзен ағындысы сипаттамаларын бағалау өте маңызды, себебі климаттың өзгеруі еліміздің су ресурстарына әсерін тигізуде.

Докторант Д. Арыстамбекованың диссертациялық жұмысының мақсаты – Жайық – Каспий, Тобыл – Торғай және Нұра – Сарысу сушаруашылық алаптарының су тұтыну және пайдалану стратегиясын ойластыру көктемгі су тасу кезеңінің гидрологиялық сипаттамаларының базасын құрастыру.

Диссертацияны орындау барысында Қазақстанның гидрометеорологиялық қызметінің ресми мәліметтері қолданылды.

Жұмыстың міндеттері: Қазақстанның жазық өзендеріндегі көктемгі су тасу кезеңінің ағынды сипаттамаларын мәліметтер банкісін құрастыру.

Жазық өзендердің көктемгі ағынды сипаттамалары бойынша қолда бар мәліметтері өткен ғасырдың 60 – 70 жылдарына жатады. Бұл мәліметтер соңғы отыз – қырық жылдық (1975 – 2019 жж.) мәліметтерді ескере отырып нақтылауды қажет етеді.

Докторанттың орындаған жұмыстарының нәтижесінде:

- қарастырып отырған 3 сушаруашылық аудандар бойынша жылдық ағынды, көктемгі су тасу кезеңіндегі ағынды қабатының және максималды су өтімдерінің материалдары жинақталды;

- ағындысы реттелген өзендердің табиғи ағындысы қалпына келтірілді;

- бакылау қатарын көпжылдық кезенге келтіру үшін есептік кезең таңдалып алынды;
- көктемгі ағынды сипаттамаларының статистикалық параметрлері анықталды;
- көктемгі ағынды сипаттамаларының параметрлерін есептеу дәлдігін бағалау жүргізілді;
- ағынды нормасы мен вариация коэффициентін көпжылдық кезенге келтірудің тиімділігі бағаланды;
- көктемгі су тасу кезеңінің ағынды қабаты мен максималды су өтімдерінің қамтамасыздық шамалары анықталды;
- Жайық – Каспий, Нұра – Сарысу және Тобыл – Торғай алаптары өзендерінің көктемгі ағынды қабатын ұзақ мерзімдік болжамы жасалды және ол жауын – шашынның айлық мәліметтерін гармоникалық талдау әдісі негізінде орындалды. Болжам 2025 және 2030 жылдарға жасалды.

Орындалған жұмыстың нәтижелері халықшаруашылық маңызы зор: гидротехникалық имараттарды жобалау және эксплуатациялау, су ресурстарын түрлі мақсатта пайдалану және тұрғындар мен аумақтарды су басу мен су тасудан қорғау.

Жұмыстың экономикалық тиімділігі Қазақстанның жазық аудандарындағы үлкен аумақтарды көктемде су тасу мен су басу нәтижесінде туындайтын апаттық табиғи құбылыстардан жергілікті халықты қауіпсіз болуын қамтамасыз ету болып табылады. Зерттеу нәтижелері мен қабылданған қорытынды шешімдер жазық аумақтардың тұрақты және қауіпсіз дамуына септігін тигізеді.

Жұмыстың қорытынды нәтижелері 13 мақалада жарияланды. Олардың ішінде 3 Scopus базасындағы журналда жарияланды: 1. «Estimation of Spring Runoff Characteristics of Lowland Rivers in Kazakhstan». Journal of Environmental Management and Tourism, 2017. 2. «Impact of Reservoirs Construction on Flood Characteristics of the Rivers of Kazakhstan during Spring Season». Jordan Journal of Civil Engineering, 2018. 3. «Assessment of Changes in the Maximum Flow of Kazakhstan Plain Rivers». Journal of Ecological Engineering, 2019.

Орындалған зерттеулердің маңыздылығын ескере отырып бұл ғылыми және колданбалы келешегі бар жұмысты арнайы диссертациялық кеңесте қорғауына күмәнсіз ұсынамын.

**Отандық ғылыми жетекшісі, география  
ғылымдарының докторы, метеорология  
және гидрология кафедрасының  
профессоры**



**С.К. Давлетғалиев**

РАСТАУЫМЫН  
өл-Ферғана ағындығының су тасуының қауіп-  
дәуірлеу және өткізгіштігінің бағалануына  
ЗАВЕРЯЮ  
Исполняющий обязанности декана и старшего  
научного кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Б. Кудайбергенова



« 20 » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл